

Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктерінен және Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардан мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1065 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 желтоқсанда № 12773 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 13 ақпандағы № 71 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 13.02.2019 № 71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұйрық 01.01.2016 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

"Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 51-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) тауарларды өндіретін және (немесе) тауарларды беретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері мен Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардың тізбесі;

2) Тауарларды өндіретін және (немесе) тауарларды беретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері мен Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардың тізбесіне енгізу қағидалары бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктерінен және Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардан мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 99 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11248 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 22 маусымда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Әлеуметтік қызметтер департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі С.Қ. Жақыповаға жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі*

Т. Дүйсенова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2015 жылғы 29 желтоқсан

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 29 желтоқсан
№ 1065 бұйрығымен
бекітілген

Тауарларды өндіретін және (немесе) тауарларды беретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы

мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері мен Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.03.2017 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.03.2018 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Р/с №	Тауарларды өндіретін және (немесе) тауарларды беретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері мен Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдар
1.	"Қазақ соқырлар қоғамының Ақмола оқу-өндірістік кәсіпорнының" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
2.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Көкшетаудағы оқу-өндірістік кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
3.	"Қазақ соқырлар қоғамының Ақтөбе оқу өндіріс кәсіпорнының" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
4.	"Қазақ соқырлар қоғамының № 1 Алматы оқу-өндірістік кәсіпорнының" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
5.	"Қазақ соқырлар қоғамы" ҚБ Алматы оқу-өндірістік кәсіпорны № 2" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
6.	"Қазақ соқырлар қоғамы" Жетісулық қоғамдық бірлестігінің оқу-өндірістік кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
7.	"Қазақ соқырлар қоғамының Қаскелең оқу-өндірістік кәсіпорнының" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
8.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Талғар оқу-өндірістік кәсіпорны" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
9.	"Қазақ соқырлар қоғамының Бейсеков З.Б. атындағы "Спутник демалыс үйі" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
10.	"Қазақ соқырлар қоғамының "Атырау оқу-өндірістік кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
11.	"Қазақ соқырлар қоғамының Семей оқу-өндіріс кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
12.	"Қазақстандық соқырлар қоғамының Өскемен білім өндіріс кәсіпорнының" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
13.	"Қазақ соқырлар қоғамының Шемонаиха оқу-өндірістік кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
14.	"Қазақ соқырлар қоғамының Жамбыл оқу-өндірістік кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестік
15.	"Қазақ соқырлар қоғамының Орал оқу-өндірістік кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
16.	"Қазақ соқырлар қоғамының Балқаш оқу-өндіріс кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
17.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің Қарағанды оқу-өндірістік кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
18.	"Қазақ соқырлар қоғамының Сәтбаев оқу-өндірістік кәсіпорнының" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
19.	"Қазақ соқырлар қоғамының Қостанай оқу-өндірістік кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
20.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің Рудный оқу-өндірістік кәсіпорны жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

21.	"Қазақ соқырлар қоғамының Қызылорда оқу өндірістік кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
22.	"Соқырлардың Қазақ қоғамының Ақтау оқу-өндіріс кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
23.	"Қазақ соқырлар қоғамының Павлодар оқу-өндірістік кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
24.	"Қазақ соқырлар қоғамының Екібастұз оқу-өндірістік кәсіпорны" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
25.	"Қазақ соқырлар қоғамының Петропавл оқу-өндірістік кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
26.	"Қазақ соқырлар қоғамының Ленгiр оқу-өндірістік кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
27.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің Түркістан оқу-өндіріс кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
28.	"Қазақ соқырлар қоғамының Шымкент оқу-өндірістік кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
29.	"Қазақ соқырлар қоғамының Эксперименталдық кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
30.	"Саңыраулардың қазақ қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Щучинск оқу-өндірістік кәсіпорны" мекемесі
31.	"Саңыраулардың қазақ қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Ақтөбе оқу-өндірістік кәсіпорны" мекемесі
32.	"Саңыраулардың қазақ қоғамы" қоғамдық бірлестігінің Талдықорған оқу-өндірістік кәсіпорны" мекемесі
33.	Мекеме "Қазақ саңыраулар қоғамының Атырау оқу-өндірістік кәсіпорны"
34.	"Саңыраулардың қазақ қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Семей оқу-өндірістік кәсіпорны" мекемесі
35.	"Қазақ саңыраулар қоғамының оқу-өндірістік кәсіпорны" Мекемесі, Өскемен қ.
36.	"Саңыраулардың қазақ қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Тараз оқу-өндірістік кәсіпорны" мекемесі
37.	"Саңыраулардың қазақ қоғамы" қоғамдық бірлестігінің Орал оқу-өндірістік кәсіпорны" мекемесі
38.	"Қазақ саңыраулар қоғамының оқу-өндірістік кәсіпорны" мекемесі, Қарағанды қ.
39.	"Қазақ саңыраулар қоғамының оқыту-өндірістік кәсіпорны" мекемесі, Қостанай қ.
40.	"Саңыраулардың қазақ қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Қызылорда оқу-өндірістік кәсіпорны" мекемесі
41.	"Қазақ саңырау қоғамының Петропавл оқу-өндірістік кәсіпорны" мемлекеттік емес мекеме
42.	"Қазақ саңыраулар қоғамының Шымкенттегі "Оқу-өндірістік кәсіпорны" мекемесі
43.	"Саңыраулардың қазақ қоғамы" қоғамдық бірлестігінің № 1 Алматы оқу-өндірістік кәсіпорны" мекемесі
44.	"Қазақ саңыраулар қоғамының № 2 оқу-өндірістік кәсіпорны" мемлекеттік емес мекемесі
45.	"Саңыраулардың қазақ қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "№ 3 Алматы оқу-өндірістік кәсіпорны" мекемесі
46.	"Қазақ керендер Қоғамының № 4 Алматы оқу-өндірістік кәсіпорны" мекемесі
47.	"Астана қаласының қазақ мылқау қоғамы оқу-өндірістік кәсіпорны" мекемесі
48.	"Реабилитационное производственное предприятие инвалидов" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
49.	"КРОИВА-КӨМЕКШІ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
50.	"КРОИВА-Print" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
51.	"Инватакси" Реабилитациялық қызмет орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
52.	"SU Service group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
53.	"Media Group" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

54.	"Центр Реабилитационной Техники – Надежда" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
55.	"ШАНС-Кокше" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
56.	"Социал 2010" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
57.	"Социус 2010" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
58.	Алматы қаласы Бостандық ауданының мүгедектер қоғамы жергілікті қоғамдық бірлестігінің "ДӘМ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
59.	Павлодар қаласының "Саңыраулардың қазақ қоғамы оқу-өндірістік кәсіпорны" мекемесі
60.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Көкшетау" корпоративтік қоры"
61.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Ақтөбе" корпоративтік қоры
62.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігі "Қаратал бастауыш ұйымының" корпоративтік қоры
63.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Талдықорған" корпоративтік қоры
64.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігі шелек бастауыш ұйымының" корпоративтік қоры
65.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Атырау" корпоративтік қоры
66.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Өскемен" корпоративтік қоры
67.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Тараз" корпоративтік қоры
68.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Орал" корпоративтік қоры
69.	Қарағанды облысының "Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің Корпоративтік Қоры
70.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Қостанай" корпоративтік қоры
71.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Жосалы" корпоративтік қоры
72.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Қызылорда" корпоративтік қоры
73.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Сырдария" корпоративтік қоры
74.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Қазалы" корпоративтік қоры
75.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Маңғыстау" Корпоративтік қоры
76.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Павлодар" корпоративтік қоры"
77.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Қызылжар" корпоративтік қоры
78.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Сарыағаш" корпоративтік қоры"
79.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Тұрар" корпоративтік қоры
80.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Отырар" корпоративтік қоры
81.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Бәйдібек" корпоративтік қоры
82.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Төлеби" корпоративтік қоры
83.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Ақсуқент" корпоративтік қоры
84.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Шымкент" корпоративтік қоры
85.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Алматы" корпоративтік қоры
86.	"Іле" корпоративтік қоры
87.	"Сарқан" корпоративтік қоры
88.	"Қазақ Соқырлар Қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Ақжайық" корпоративтік қоры"
89.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Бұланды" корпоративтік қоры
90.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Арал" корпоративтік қоры
91.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Екібастұз" корпоративтік қоры
92.	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігі (республикалық мәртебе)
93.	"АСАР" Жамбыл облысының мүгедектермен жұмыс істейтін ұйымдар одағы" заңды тұлғалар бірлестігі

94.	"Учебно-производственное предприятие Шебер кол" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
95.	"Жаңа Өмір 2012" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
96.	"Қостанай мүгедектер ерікті қалалық қоғамы" қоғамдық бірлестігі
97.	"МҮГЕДЕК" Арқалық қалалық ерікті мүгедектер қоғамы" қоғамдық бірлестігі
98.	"Ұшқын" Қызылорда мүгедектерінің оқу-өндірістік кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
99.	"Оңтүстік Қазақстан облыстық Ауған соғысы ардагерлерінің одағы" қоғамы бірлестігінің оқу-өндірістік кәсіпорын" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
100	"Интеграция плюс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
101	"ар-Рохим" Мүгедектер Қоғамы" қоғамдық бірлестігі
102	"Аяулы-Алақан" қоғамдық бірлестігі
103	"Помощь инвалидам" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
104	"Тауелсіздік-Д" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
105	"Астана қаласы-балалары бар мүгедек-аналар қоғамы" қоғамдық бірлестігі
106	"Ескелді ауданының "Демеу" мүгедектер қоғамдық бірлестігі
107	"DQB BASIS" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
108	"Көз жанарының қабілетіне байланысты тұлғалардың әлеуметтік және еңбектік оңалту "Нұр" қауымдастығы" заңды тұлғалардың Қауымдастық нысандағы бірлестігі
109	"Социально-производственное предприятие "ЖАСА"" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
110	"Арба" "Тірек-қозғалыс аппаратының қызметі бұзылған мүгедек- азаматтарды қолдау қоғамы" қоғамдық бірлестігі
111	"Теміртау қалалық мүгедектер ерікті қоғамы" қоғамдық бірлестігі
112	"Павлодар облыстық еркін мүгедектер қоғамы" қоғамдық бірлестігі
113	"СОСТРАДАНИЕ" Мүгедектер Ерікті Қоғамы Қоғамдық Бірлестігі
114	"Қазақстан мүгедектері ұйымдарының одағы" заңды тұлғалардың бірлестігі
115	"САМҒАУ ГРУП" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
116	"Биіктеу" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
117	"Алматы қалалық мүгедектігі бар адамдар қоғамы" қоғамдық бірлестігі
118	"Ауған соғысының мүгедектерінің Қазақстан Республикасындағы қоғамы" Қоғамдық бірлестігі

119	"НАМЫС" жоғары білімі бар мүгедектер қоғамдық бірлестігі
120	"Лайықты өмір" мүгедектер реабилитация орталығы қоғамдық бірлестігі
121	"Центр социальных услуг" қоғамдық бірлестігі
122	"Фортуна 2013" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
123	Талдықорған қаласындағы "ЕРЛІК" қимыл қозғалысы кем мүгедектер қоғамдық бірлестігі
124	Көксу аудандық "Салауат" мүгедектер қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Нұрлы комек" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
125	"Қамқор" Солтүстік Қазақстан облыстық мүгедектер қоғамы" қоғамдық бірлестігі
126	"Алтын-Ай" мүгедек әйелдердің Қоғамдық бірлестігі
127	"Нұр-тірек" қоғамдық бірлестігі
128	"Ассар KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
129	"Общество инвалидов "ЗАМАН" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
130	"Комек Азат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
131	"Общества инвалидов Даму Ниет 2016" қоғамдық бірлестігі
132	"Добровольное общество инвалидов "Мерей" қоғамдық бірлестігі
133	"Pharm Express" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
134	"Демеу" мүгедектерді қолдау қоғамы" қоғамдық бірлестігі
135	"Производственное предприятие инвалидов "АКНИЕТ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
136	"Қыран - Батыс Мүгедектері" қоғамдық бірлестігі
137	"ДОС" тәуелсіз өмір" Орталығы мүгедектерінің қоғамдық бірлестігі
138	"Бірлік" мүгедек – кәсіпкерлердің қоғамы" қоғамдық бірлестігі
139	"Көмек-Жетісу" мүгедектер қоғамдық бірлестігі
140	"Қазақ Мүгедектің қоғамы" қоғамдық бірлестігі
141	"Қолғанат-Караганда" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

142	"Алматы облыстық ерікті мүгедек балалар қоғамы" қоғамдық бірлестігі;
143	"КӨМЕК-АСТАНА" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
144	"Арман-қала" мүгедектер қоғамдық бірлестігі;
145	"Астана қаласының "Вектор Надежды" ерікті мүгедектер қоғамы" қоғамдық бірлестігі;
146	"Север-капитал" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
147	"Сервис плюс" агенттігі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
148	"Астана қаласының жұмыс істейтін мүгедектер қауымдастығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
149	"Қазмедсервис плюс" мүгедектер қоғамы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
150	"ЖӨРДЕМ-СЕНІМ" мүгедектер қоғамдық бірлестігі;
151	"TNG" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
152	"Достар 2016" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
153	"Таңсәры+" кәсіпкер мүгедектер қауымдастығы" қоғамдық бірлестігі;
154	"Нұр" Солтүстік Қазақстан облыстық мүгедектер қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "Нұр Самғау" корпоративтік қоры;
155	"Көмек-ПВ" мүгедектер қоғамдық бірлестігі;
156	"Мойымайтын мүгедектер қоғамы" қоғамдық бірлестігінің "ЕРЕКШЕ ТАҢДАУ ПАВЛОДАР" корпоративтік қоры;
157	"Павлодар қаласының Ауған соғысы мүгедектерінің одағы" қоғамдық бірлестігі;
158	"АҚҚУ-ИНВЕСТ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
159	"Магистраль Терминал" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
160	"Мүмкіндіктері шектеулі кәсіпкерлер" мүгедектер қоғамдық бірлестігі;
161	"Ардагер" Ауған соғысының ардагерлері мен мүгедектерінің Алматы қаласындағы қоғамдық бірлестігі;
162	"Семей аумақтық мүгедектер қоғамы" қоғамдық бірлестігі;
163	"Сенім" мүгедектер қоғамы" қоғамдық бірлестігі;
164	"Ақтөбе облысы мүгедектерін қолдау орталығы" қоғамдық бірлестігі;

165	"ІНЖІР" мүмкіндіктері шектеулі адамдар ұйымы" қоғамдық бірлестігі;
166	"Алматы қаласы Медеу ауданының Ауғанстандағы соғыс мүгедектерінің ерікті қоғам-бауырластығы" қоғамдық бірлестігі;
167	"Сердечное тепло – Жүрек Жылуы" қоғамдық бірлестігі;
168	"АМАНАТ" Шет ауданының мүгедектер қоғамы" қоғамдық бірлестігі;
169	"АҚ САУЫТ" мүгедектер қоғамы" қоғамдық бірлестігі;
170	"Жомарт 2030" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
171	"Koktem-2016" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
172	"Алғабас А" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
173	"СТС Азия Групп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
174	"Намыс" жоғары білімі бар мүгедектер қоғамдық бірлестігінің "Мадикон-Ю" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
175	"Жаңа әлеуметтік технологиялар" мүгедектер қоғамдық бірлестігі;
176	"ФармМедЭкс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
177	"Саурық мүгедектер қоғамы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
178	"АУПП №2 ОО ОНИ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
179	"СТАТУС КРОИВА" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
180	"Болашаққа сенім" мүгедектер қоғамдық бірлестігі;
181	"Имидж Media" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
182	"ММҚ" ҚБ "Ерекше Таңдау" корпоративтік қоры";
183	"Братское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
184	"Медет-Павлодар" мүгедектер қоғамдық бірлестігі;
185	"Үміт-Надежда" тірек-қозғалыс аппараты бұзылған мүгедек азаматтарды қолдау қоғамы" қоғамдық бірлестігі;
186	"Бердібек" мүгедектер қоғамы" қоғамдық бірлестігі;
187	"Отырар ауданының мүгедектер қоғамы" қоғамдық бірлестігі;

188	"Шымкент қалалық мүгедектер бірлестігінің мамандандырылған кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
189	"Зағип жандар" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
190	"Жігер" Қызылорда облысы мүгедектерінің жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
191	"Жаңалық сервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
192	"ДЕМЕУ ҚАМҚОР" қоғамдық бірлестігі;
193	"Целиноград ауданының "Болашақ" мүгедектер қоғамдық бірлестігі;
194	"МҮГЕДЕКТЕРДІ ҚОЛДАУ KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 29 желтоқсан
№ 1065 бұйрығымен
бекітілген

Тауарларды өндіретін және (немесе) тауарларды беретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері мен Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардың тізбесіне енгізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тауарларды өндіретін және (немесе) тауарларды беретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері мен Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардың тізбесіне енгізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері мен олар құрған ұйымдарды (бұдан әрі – ұйымдар) тауарларды өндіретін және (немесе) тауарларды беретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері мен Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардың тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) енгізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

орталық уәкілетті орган – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган;

өтініш беруші – Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестігі немесе Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестігі құрған ұйым

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.03.2017 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

2. Тізбеге енгізу тәртібі

3. Тізбеге:

1) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі – Кодекс) 248-бабы 13) тармақшасының шарттарына сәйкес келетін ұйымдар;

2) Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері немесе Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйым енгізіледі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 03.03.2018 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Тізбеге енгізу үшін өтініш беруші Астана және Алматы қалаларының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларына, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тізбеге енгізуге өтініш ;

2) мемлекеттік кірістер органдарынан Кодекстің 248-бабының 13) тармақшасына сәйкес келетіні туралы мәліметтер (Қазақстан Республикасының азаматтары бойынша жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша салық есептілігі (декларация) (200.00-нысан);

3) Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестігінің немесе Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестігі құрған ұйым жарғысының және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың көшірмелері;

4) жұмыскерлердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, жалақысы, мүгедектік тобы (бар болса) және жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетілген тізімі;

5) тауарларды өндіретін және (немесе) тауарларды беретін Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері мен Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдар үшін – өндірістік базаның болуын растайтын құжаттардың көшірмелері;

6) тауарларды өндіретін және (немесе) тауарларды беретін Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері мен Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдар үшін – сәйкестік сертификатының көшірмесімен қоса, шығарылатын өнімнің тізбесі;

7) жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері мен Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдар үшін – ұсынылатын қызметтер мен жұмыстардың тізбесі;

8) жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері мен Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдар үшін – егер қызмет түрі лицензиялауға жататын болса, лицензияның көшірмесі;

9) жабдықтың тізбесі.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.03.2017 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.03.2018 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

5. Өтініш беруші құжаттарды Астана және Алматы қалаларының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларына, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне жылдың бірінші және екінші тоқсаны ішінде, бірақ тиісті тоқсанның соңғы айының 30-күнінен кешіктірмей береді.

6. Тізбеге өтініш берушіні енгізуден мынадай:

осы Қағидалардың 4-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған;

осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген;

өтініш берушінің құжаттарында қамтылған мәліметтер ақпараттық жүйелерде болмаған немесе оларда қамтылған мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайларда бас тартылады.

Астана және Алматы қалаларының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері бас тарту туралы өтініш берушіге құжаттарды берген күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде жазбаша нысанда хабарлайды.

7. Аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері өтініш берген ұйымдардың тізімін облыстардың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларына осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген құжаттарды беру мерзімі өткеннен кейін күнтізбелік 20 күн ішінде ұсынады.

Облыстардың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары, Астана және Алматы қалаларының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары облыс және Астана және Алматы қалалары бойынша өтініш берген ұйымдардың тізімін осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген құжаттармен қоса, күнтізбелік 10 күн ішінде орталық уәкілетті органға ұсынады.

8. Орталық уәкілетті органға келіп түскен өтініштерді, құрамына орталық мемлекеттік органдар, "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері кіретін жұмыс тобы ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 қазанына дейін қарайды.

9. Жұмыс тобы өтініш берушілердің құжаттарында қамтылған мәліметтердің ақпараттық жүйелерде қамтылған мәліметтерге сәйкес келуін тексереді.

10. Жұмыс тобы өтініш берген ұйымдарды Тізбеге енгізу туралы шешім қабылдаған жағдайда, орталық уәкілетті орган тиісті бұйрық шығарады.

11. Өтініш берген ұйымдарды тізбеге енгізу туралы теріс шешім болған жағдайда, жұмыс тобының хатшысы түпкілікті шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде облыстардың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларын, Астана және Алматы қалаларының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларын өтініш берушілердің осы Қағидалардың 3-тармағына сәйкес келмейтіні туралы хабардар етеді.

12. Тізбеге енгізілген ұйымдар орталық уәкілетті органға жарты жылда бір рет есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейін осы Қағидалардың 3-тармағының талаптарына сәйкес келетіні туралы ақпаратты және мынадай құжаттарды береді:

1) мемлекеттік кірістер органдарынан Кодекстің 248-бабының 13) тармақшасына сәйкес келетіні туралы мәліметтер (Қазақстан Республикасының азаматтары бойынша жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша салық есептілігі (декларация) (200.00-нысан);

2) Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестігінің немесе Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестігі құрған ұйым жарғысының және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың көшірмелері;

3) жұмыскерлердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, жалақысы және мүгедектік тобы (бар болса) көрсетілген тізімі;

4) тауарларды өндіретін және (немесе) тауарларды беретін Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері мен Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдар үшін – өндірістік базаның болуын растайтын құжаттардың көшірмелері;

5) тауарларды өндіретін және (немесе) тауарларды беретін Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері мен Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдар үшін – сәйкестік сертификатының көшірмесімен қоса, шығарылатын өнімнің тізбесі;

6) жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері мен Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдар үшін – көрсетілетін қызметтер мен орындалатын жұмыстардың тізбесі;

7) жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері мен Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдар үшін – егер қызмет түрі лицензиялауға жататын болса, лицензияның көшірмесі;

9) жабдықтың тізбесі.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.03.2017 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

Тауарларды өндіретін және (немесе)
тауарларды беретін, жұмыстарды
орындайтын,
қызметтерді көрсететін Қазақстан
Республикасы
мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері
мен
Қазақстан Республикасы мүгедектерінің
қоғамдық
бірлестіктері құрған ұйымдардың
тізбесіне
енгізу қағидаларына қосымша

Нысан

Астана және Алматы қалаларының жұмыспен
қамту және әлеуметтік бағдарламалар
басқармасының/ аудандардың және облыстық
маңызы бар қалалардың жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысына

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

**Тауарларды өндіретін және (немесе) тауарларды беретін,
жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан
Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері мен
Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері
құрған ұйымдардың тізбесіне енгізуге
ӨТІНІШ**

(ұйымның атауы)

Ұсынылатын құжаттардың тізбесі:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3) _____;
- 4) _____.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығына кепілдік береміз.

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

және лауазымы)

Ескертпе: өтініш ұйымның бланкісінде жасалады және оған ұйымның бірінші басшысы немесе оны алмастыратын адам қол қояды.